

2013 жылға Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерімен субсидия алушылардың тізіміне қосуға тапсырысты беру мерзімдерін анықтау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 10 сәуірдегі N 161 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 мамырда N 2276 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты 27.06.2014 N 12.1.7-1/815 хаты).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 Қаулысымен бекітілген өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау Ережесінің 12-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылға Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері мен субсидия алушылардың тізіміне қосуға тапсырысты беру мерзімдері қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Қ. Жаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудан әкімі</i>	<i>И. Турков</i>
	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 сәуірдегі № 161 қаулысына қосымша

2013 жылға Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарын әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері мен субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімдері

р/с №	Дақылдар атауы	Өтінім ұсыну мерзімдері	Егістіктің оңтайлы мерзімдері
1	Жаздық жұмсақ бидай, орташа ерте пісетін сұрыптар	25 мамырға дейін	25 мамырдан 03 маусымға дейін
2	Жаздық жұмсақ бидай, орташа пісетін сұрыптар	25 мамырға дейін	20 мамырдан 28 мамырға дейін
3	Жаздық жұмсақ бидай, орташа кеш пісетін сұрыптар	25 мамырға дейін	17 мамырдан 27 мамырға дейін
4	Жаздық қатты бидай	25 мамырға дейін	20 мамырдан 25 мамырға дейін
5	Орташа кеш пісетін сұрыпты арпа	25 мамырға дейін	25 мамырдан 30 мамырға дейін
6	Орташа пісетін сұрыпты арпа	25 мамырға дейін	30 мамырдан 3 маусымға дейін
7	Сұлы	25 мамырға дейін	25 мамырдан 30 мамырға дейін
8	Қарақұмық	25 мамырға дейін	20 мамырдан 25 мамырға дейін
9	Тары	25 мамырға дейін	25 мамырдан 30 мамырға дейін
10	Ноқат	18 мамырға дейін	13 мамырдан 18 мамырға дейін
11	Асбұршақ	25 мамырға дейін	20 мамырдан 27 мамырға дейін
12	Қытай бұршақ	25 мамырға дейін	22 мамырдан 25 мамырға дейін

13	Жасымық	25 мамырға дейін	22 мамырдан 28 мамырға дейін
14	Рапс – егісі дәстүрлі сүрі жер бойынша	20 мамырға дейін	12 мамырдан 20 мамырға дейін
15	Рапс – егісі минималдық-нөлдік сүрі	25 мамырға дейін	20 мамырдан 28 мамырға дейін
16	Зығыр, қыша	25 мамырға дейін	18 мамырдан 25 мамырға дейін
17	Май дәніне арналған күнбағыс	20 мамырға дейін	15 мамырдан 20 мамырға дейін
18	Қара бидай	25 мамырға дейін	20 мамырдан 26 мамырға дейін
19	Картоп	25 мамырға дейін	15 мамырдан 30 мамырға дейін
20	Сүрлемге арналған жүгері	20 мамырға дейін	16 мамырдан 20 мамырға дейін
21	Күздік бидай	25 мамырға дейін	25 тамыздан 8 қыркүйекке дейін
22	Күздік қара бидай	25 мамырға дейін	25 тамыздан 8 қыркүйекке дейін
23	Сәбіз (тұқым)	20 мамырға дейін	10 мамырдан 20 мамырға дейін
24	Пияз (тұқым)	20 мамырға дейін	10 мамырдан 20 мамырға дейін
25	Қызылша	25 мамырға дейін	25 мамырдан 5 маусымға дейін

26	Қияр	25 мамырға дейін	16 мамырдан 5 маусымға дейін
27	Орамжапырақ көшеті	25 мамырға дейін	25 мамырдан 12 маусымға дейін
28	Қызанақ көшеті	25 мамырға дейін	28 мамырдан 12 маусымға дейін
29	Бидай технологиясы бойынша сүрлемге жүгері	20 мамырға дейін	16 мамырынан 20 мамырына дейін
30	Сүрлемге күнбағыс	24 мамырға дейін	18 мамырынан 24 мамырына дейін
31	Жасыл жемге бір жылдық шөптер (сұлы, бұршақ, бұршақ + сұлу + арпа), пішен (судан шөбі, тары, могоар, сұлы + вика) және пішендеме (сұлы + арпа + бұршақ, сұлы + бұршақ, тары + бұршақ)	25 мамырға дейін	5 маусымынан 10 маусымына дейін
Жасыл конвейер: (біржылдық шөптер)			
32	I мерзім (бұршақ + сұлы)	10 мамырға дейін	8 мамырынан 10 мамырына дейін
33	II мерзім (сұлы + арпа + бұршақ + бидай, судан шөбі + бұршақ, тары + бұршақ)	25 мамырға дейін	23 мамырынан 25 мамырына дейін
34	III мерзім (бұршақ + сұлы + арпа, судан шөбі + бұршақ, сұлы + бұршақ)	25 мамырға дейін	8 маусымынан 10 маусымына дейін
35	IV мерзім (рапс, сұлы)	25 мамырға дейін	8 шілдесінен 10 шілдесіне дейін
Көп жылдық шөптер			
36	I мерзім Жоңышқа Түйежоңышқа Эспарцет Таусағыз	15 мамырға дейін	5 мамырынан

	Кострец Еркекшөп		15 мамырына дейін
37	II мерзім Жоңышқа Түйежоңышқа Эспарцет Таусағыз Кострец Еркекшөп	25 мамырға дейін	5 шілдесінен 20 шілдесіне дейін
38	Күздік қара бидай (жергілікті жемге)	25 мамырға дейін	10 тамызынан 15 тамызына дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК